

Ата-аналарға психологиялық кеңес

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты баланың; жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Аталған нысаныға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

-Отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптасыру.

— Еңбек сүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету.

-Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету.

-Оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдеп-дағдыларын қалыптастыру.

-Отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау.

-Өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

-Баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауға дайын болуға үйрету.

-Бақылау, тексеру, бағалау.

-Тәртіптікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т. б. баулу.

Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу.

Ата-ана, Сіз үшін!

- Баланы жетістіктері үшін мақтаңыз. Бала жетістікке жеткенде сіздің қолдауыңызды сезінуі тиіс.
- Баланы жақсы көріңіз! Баланың ата-анасы емес досы болуға тырысыңыз.
- Шыдамды болыңыз. Баланың жаңаны меңгеруіне уақыт беріңіз.
- Жағымды қарым-қатынас жасаңыз. Баланы қорқытпаңыз. Өзін дұрыс ұстай білуге үйретіңіз.
- Өзіңіз емес, балаңыздың жасағысы келетін істерге көбіне жол беріңіз. Оны мәжбүрлеу арқылы балада теріс мінездің қалыптасуына жол беретіндігіңізді ұмытпаңыз.
- Өзіңіздің талаптарыңыздан демалуға мүмкіндік беріңіз.
- Балаға еңбекқор, батыл, ақылды, тапқыр, ұқыпты, сүйікті, білімді дегендей сөздерді жиі айтыңыз.
- Үй жұмыстарын өз бетінше атқаруға міндеттеңіз. Ол жұмыстардың орындалуына үлкендерге қойылған талаптарды қойыңыз.
- Бала бойында сенімділікті орнатыңыз: мысалы: «Сен-ақылдысың», «Сен-батылсың», «Сенің қолыңнан бәрі келеді».т.с.с
- Өз балаңызға сеніңіз. Сіздің сеніміңіз баланың жағымды істерін жүзеге асыруға көмектеседі.
- Әртүрлі жағдайлардың болатындығы туралы айтыңыз және шешімін табуға үйретіңіз.
- Баланы құшақтап, мақтауды ұмытпаңыз!